



## БҰЙРЫҚ

“09” 12 2021 ж./г.  
Қызылорда қаласы

## ПРИКАЗ

№ 427-0  
город Кызылорда

### Уақытша басқарушыны тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы Заңының 15-бабының 1-2) тармақшасына сәйкес, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 02 желтоқсандағы «Компания Райян» ЖШС қатысты банкроттық іс қозғау туралы ұйғарымы және уәкілетті органда есепте тұрған тұлғалардан уақытша басқарушының кандидатурасын таңдау туралы Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2021 жылғы 23 қарашадағы хаты негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Компания Райян» ЖШС БСН 980540004736 уақытша басқарушысы болып Сұлтанбек Айтбай Ендібайұлы тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес уақытша басқарушының міндеттемелерін орындау Сұлтанбек Айтбай Ендібайұлына жүктелсін.

3. Уақытша басқарушы Сұлтанбек Айтбай Ендібайұлы «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Б. Оразовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы

Ғ. Орынов